

А.Ғ. СЕМБАЕВА <sup>1</sup>, М. КЕГЕНБАЙ <sup>1</sup><sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті✉ e-mail: [assotion@mail.ru](mailto:assotion@mail.ru)

## ЕРТЕГІ ТІЛІНІҢ НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ СИПАТЫ

**Андатпа.** Мақалада ертегінің нейролингвистикалық бағдарламалық (НЛБ) сипаты қарастырылған. Зерттеу барысында ертегілердің адам миында ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау үдерісіне тигізер ықпалы, сондай-ақ тілдік құрылымдар мен когнитивтік модельдер арқылы ойлау мен түсіну механизмдері қарастырылған. Ертегілер мәдени-тілдік феномен нейролингвистика, психоллингвистика және этнолингвистика ғылымдарының тоғысында зерттеліп, зерделенді. Зерттеу аясында ертегіні қабылдау мен түсінудің нейрофизиологиялық негіздері сараланып, ертегілердің когнитивтік дамуды қолдау, ойлау процесін бағдарлау және тілдік функцияларды қалыптастырудағы қызметіне жан-жақты талдау жасалды. Зерттеу жұмысында ертегі жанрының ойлау мен танымды қалыптастырушы, эмоцияны реттеуші құрал ретінде нейролингвистикалық және когнитивтік сипаттары ашылған. Бұл мақаланың өзектілігі мен маңызын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде ертегінің адамның ойлау, қабылдау және тілдік бағдарлау қабілеттерін қалыптастырудағы маңызы айқындалып, олардың нейролингвистикалық бағдарламалау ерекшеліктері зерделенді. Тәжірибелік талдау жұмысының нәтижесінде аталмыш тақырып аясында ғылыми-теориялық тұжырымдар жүйеленіп, зерттеу жұмысының практикалық маңызы негізделді. Зерттеуде нейролингвистикалық әдіс, салыстырмалы әдіс, интроспекция әдісі, сауалнама әдісі, еркін ассоциациялық эксперимент әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен материалын нейролингвистика, психоллингвистика, балалар әдебиеті, т.б. пәндерден дәріс оқуда, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуда және орта мектептер мен мектеп жасына дейінгі білім беру ұйымдарында ертегілерді оқытуда ғылыми-әдістемелік материал ретінде қолдануға болады. Бұл зерттеудің теориялық және практикалық маңызын айқындайды.

**Кілт сөздер:** ертегі, нейролингвистикалық бағдарламалау, әдіс, сюжет, сценарий, модельдеу.

### Кіріспе

Қазіргі таңда ертегі – тіл ғылымындағы нейролингвистика, психоллингвистика, этнолингвистика сынды бірнеше ғылым салаларының тоғысында қарастыруды қажет ететін күрделі тақырыптардың бірі. Ертегі адам санасында архаикалық халықтық дүниетанымды, қоршаған шындық туралы дәстүрлі идеяларды, белгілі бір этностың құндылықтарын қалыптастырып қана қоймай, бала тілінің қалыптасуына, мидағы нейрондардың қызметін жақсартуға, алғашқы грамматикалық ассоциациялардың қалыптасуына және қарапайым

### \* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Сембаева А.Ғ., Кегенбай М. Ертегі тілінің нейролингвистикалық бағдарламалық сипаты // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 53-62. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.05>

### \*Cite us correctly:

Sembaeva A.G., Kegenbay M. Ertegi tilinin neirolingvistikalıyq bagdarlamalyq sipaty [The Neuro-Linguistic Programmatic Nature of the Language of Fairy Tales] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 53-62. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.05>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.09.2025 / жарияланған күні 30.03.2026

синтаксистік құрылымдарды меңгертуге әсер етеді. Ертегі – тек ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды бейнелейтін әдеби жанр емес, әлемнің тілдік бейнесін, ұлттың тілдік санасын қалыптастыруға ықпал ететін, бейнелі ой мен әсерлі сөздің қуаты тоғысқан мәдени-лингвистикалық және нейропсихологиялық феномен. Осы орайда ертегілердің санаға әсер етуші қуатын, нейролингвистикалық бағдарлау сипатын зерттеу – заманауи тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі болып саналады. НЛБ – өмірде жетістіктер мен нәтижеге жету мақсатында тіл арқылы өз идеяларымыз бен әрекеттерімізді ұйымдастыруға арналған нейропсихологиялық әдістердің жиынтығы. Ол адамның өмірлік тәжірибесінің негізінде жинақталған психологиялық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын зерттейді.

Соңғы кездері генеративтік лингвистиканы жақтаушылар (L. Bloom, N. Chomsky және басқалар) баланың туа біткен тілдік қабілеттерге ие екенін, ал қоғам тек туа біткен тіл механизмінің әрі қарай дамуына әсер етуші орта екенін айтады. Көптеген жылдар бойы балалар психотерапиясын зерттеген авторлар ертегілердің бала өміріндегі маңызын, ертегі тыңдаудың, бейнелі материалдармен жұмыс жасаудың баланың ойлау, сөйлеу әрекеттерін дамытуға тигізер ықпалын терапиялық тәжірибелер жүргізу нәтижесінде дәлелдеген. Ертегі тақырыбы осы уақытқа дейін әртүрлі қырынан зерттелді, атап айтар болсақ, В.С. Алпатов ағылшын ертегі кейіпкерлерінің атрибутикасын, С.А. Черванева ертегілер мен ойындарды психотерапиялық ерекшеліктерін зерттесе, Г.В. Белая француз халық ертегілерінің лингвоелтанымдық және аксиологиялық аспектілерін қарастырған, ал К.В. Завьялова ертегілердің мәдениетаралық коммуникацияны дамытудағы рөлін айқындаған. Фрейд пен Юнгтің еңбектерінде ертегілердің психологиялық және когнитивті қызметі туралы заманауи тұжырымдар жасаған. Авторлар «метафоралық бейнелер» арқылы балалардың қиялын, ой-санасын дамытудың жаңа тәсілдерін ұсынған.

Қазіргі таңда ертегілерді оқыту барысында нейролингвистикалық бағдарламалауды қолдана отырып балалардың сөйлеу тілін дамытуға, танымын қалыптастыруға, мидың жұмысын жақсартуға, тіпті емдік мақсатта да қолдануға болады деген ғылыми тұжырымдар да бар. Ертегі баланың сөйлеу әрекетінің және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, өмірлік қағидаттары мен көзқарастарының қалыптасуына және когнитивтік қабілеттері мен коммуникативтік тәжірибесінің дамуына ықпал етеді.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер зерттеудің бағыты мен мақсатына байланысты іріктеліп алынды. Теориялық талдау барысында нейролингвистикалық әдістер, салыстырмалы әдіс, интроспекция әдістері қолданылса, тәжірибелік зерттеу мақсатында сауалнама әдісі, еркін ассоциациялық эксперимент әдісі қолданылды. Олар шетелдік ғалымдар жүргізген тәжірибелік зерттеулер арқылы дәйектелді. Атап айтар болсақ, Д. Шульцтің «аутогендік негіздеу» әдістері, Г.Н. Сытин ұсынған «бейнелі эмоционалды» әдістер, «ерікті басқару» әдісі және НЛБ кең таралған якерлеу, сценарий, рефрейминг, визуализация, модельдеу сынды негізгі әдістер қолданылды. Ал зерттеудің материалы ретінде ертегілер алынды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Ертегінің баланың ойлау жүйесінің, тілдік санасы мен ұлттық болмысының қалыптасуына және тұлға ретінде дамуына әсер ететін қуаты мен қасиеті туралы түрлі көзқарастар бар. Психоаналитикалық теория тұрғысынан алғанда, қуыршақтар адамның ойлау жүйесін, зейіні мен түйсігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. З. Фрейдтің пікірінше, адамдардың барлық мінез-құлқы бейсаналық әрекеттерді реттеуге бағытталған. Юнгтың жақтаушылары қуыршақ жасау немесе онымен ойнау күйзелістен арылуға, өмірлік жағдаяттарды түсінуге, оны ой елегінен өткізуге және шешім шығаруға ықпал етеді деп санайды [1, 267-б.]. Бала ойын барысында қуыршақтармен сөйлеседі, яғни баланың алғашқы сырласы, коммуниканттары – ойыншықтары мен қуыршақтары.

Т. Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: «Ертегі – көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлемнен тыс әлем бейнесінің көрінісі» - деп анықтама береді [2, 48-б.]. Осы тұста А. Байтұрсынұлының: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау» - деген қанатты сөзі еске түседі. Яғни ертегі адамның ойын, жүрек түбіндегі сезімін, көркем ойларын, арман-тілегін дәл бейнелейді және адамның қиялына қанат бітіреді.

Ал Ресей ғалымы Л.С. Выготскийдің психиканың дамуының әлеуметтік шарттылығына сүйене отырып, тілді меңгерудің әлеуметтік-биологиялық негіздері бар деп тұжырымдайды. Ол балада туа біткен символизациялау қабілеті болатынын айта келе, «балалар ересектер сөзінен тілдік материалды алып, оны үнемі қайта өңдей отырып, өзінің тілдік жүйесін құрайды, бұл жүйе баланың биологиялық және психикалық дамуына қарай күрделене отырып, өсе келе ересектердің тілдік жүйесіне жақындай түседі» деп тұжырымдайды [3, 102-б.].

А.А. Леонтьевтің сөзімен айтқанда, тіл адамзаттың алдыңғы ұрпағының дамуының нәтижесі ретінде кейінгі ұрпаққа «мұраға» қалады. Ғалым мұны жануарлардың әрбір ұрпағының филогенез барысында алдыңғы ұрпақтан биологиялық ерекшеліктерді иелену қабілетімен салыстырады. Егер біз материалдық және рухани мәдениеттің тарихын адамның психикалық қабілеттерінің тарихи даму үдерісімен байланыстыратын болсақ, тіл дамуы адамның дыбыстау аппаратынан бастап, ойлау, пайымдау, сөйлеу қабілеттерінің тарихи дамуының жемісі [4, 18-б.]. Ал Н. Хомский баланың ана тілін таңқаларлықтай тез игеру қабілетіне ерекше назар аудара отырып: «Адамның тілдік қабілетінің негізінде адамның ойлауының негізгі алғышарттары, атап айтқанда, тілдік білімді игеруге қажетті туа біткен биологиялық компоненттер жатыр. Олар басқа да биологиялық және когнитивті жүйелермен бірлікте болады,» - деп ой түйеді [5, 146-б.].

Баланың тілдік қабілеттерін зерттеуші ғалымдар баланың ана тілінің морфологиялық жүйесін меңгеруінің маңызды заңдылықтары бар екеніне назар аударды. М.В. Карманова «Фольклорлық шығарманың мәтініндегі модальдік, семантикалық және коммуникативтік ерекшеліктер субсценарий ретінде қабылданады. Ата-ананың фольклорлық шығармаға берген бағасы баланың дүниені тануы мен қабылдауына тигізетін суггестивтік ықпалы зор. Бұл фактордың баланың тұлғасын, ұстанымдары мен өмірлік сценарийін қалыптастыруға ықпал етеді» - деп тұжырым жасайды [6, 105-б.].

Белгілі психолінгвист К.Ф. Седов: «Балалар тілі туралы ғылым дербес гуманитарлық білім саласы ретінде, ең алдымен тіл білімі аясында қарастырылады. Сондықтан оны көбіне «балалар лингвистикасы» деп атайды. Алайда дәстүрлі түрде балалар тілі психологтардың да, логопедтердің де, мектепте ана тілін оқытатын мұғалімдердің де зерттеу нысаны болуы тиіс» - дейді. Ғалымның айтуы бойынша: «гипермодельдер» мен «сенарийлер» балалардың тілдік қабілеттерінің негізін құрайды» [7, 12-б.]. Ми қарапайым оймен, қиялмен, визуализациямен мидағы нейрондардың құрылымы мен қызметін өзгерте алады. Ми санада туындайтын ойлардың қуаты арқылы өзгеруі мүмкін, яғни ойды жарыққа шығарушы қызмет атқаратын сөз де миға әсер ете алады. Біздің миымыз оқу, жаттығу және басқа да танымдық, физикалық әрекеттердің негізінде, сондай-ақ табиғи қасиеттер арқылы өзгеріп, дамып отыратыны бұрыннан да белгілі. Құранда да: «ақыл-ойыңызды жаңарту арқылы өзгертіңіз» - делінген.

Қазіргі кезде нейропсихологтар арасында адам миының нейропластикалық қасиеті мен өзгеруге бейімділігі жиі талқыланып жүр. Нейрондық желілер өмірлік тәжірибелер мен білім алудың негізінде үнемі дамып, өзгеріп отырады, мидың эмбрионды құрайтын ұлпалары жаңарып, өзгеріп тұрады. Яғни, ми әрқашан дамуға, оқуға және жетілуге дайын тұрады. Психолог В.В. Абраменкова: «Балаларға арналған ауызша әңгімелер – балалар терапиясының жаңа түрі де, жалғыз түрі де емес, бірақ мұндай әңгімелер балалардың

танымы мен білімін қалыптастыруда таң қаларлық нәтиже бере алады. Эмпатия жасай отырып, бала өзінің ішкі әлеміне оңай енеді, нейрондық жаттығулар, оқу, жазу және басқа да табиғи-интуитивті қабілеттер баланың ой-санасының, қиялының дамуына көмектеседі» - дейді [8, 131-б.]. Нәтижесінде бала мидағы нейрондар мен ассоциациялық тәжірибелерді ынталандыратын құнды әрі маңызды ақпараттар алады.

Питер Хагорт тіл табиғатынан мультимодальді екенін тілге тиек ете отырып, «ауызша сөйлеу барысында дыбыстық (фонациялық) және көру (визуалдық) сигналдарының (мысалы, сөзді сүйемелдейтін ым-ишаралардың) селбесе қатар жүруі тілдік құрылым мен тілдік бейнелердің өзара тығыз байланысты құбылыстар екенін көрсетеді. Бұл қатар жүретін тілдік қабілеттерді дамытуға, көру, сезу, түйсіну, елестету сынды қасиеттерді шыңдауға көмектеседі» - деп тұжырымдайды [9, 1-б.]. Қалай болғанда да бүгінгі күні қатесіз әдіс немесе мінсіз теория жоқ, бірақ ойлау – бұл бізге әлемді түсіну үшін берілген рухани қабілеттеріміздің бірі.

Нейролингвистикалық бағдарламалау – психотерапияның бір түрі. Оның авторлары – Р. Бандлер, Д. Гриндер. Ол мазмұндық аспектілерден гөрі қарым-қатынас процесінің құрылымына негізделген. Адам дүниені негізінен бес түрлі сезім мүшелері арқылы қабылдайтыны белгілі. Ертегі, әсіресе, баланың аудиалдық (есту, тыңдау), кинемалық (ым-ишара), визуалдық (көру) қабілеттерін қалыптастырып, когнитивтік-танымдық қасиеттерін дамытады. Ертегіні оқытуда НЛБ әдістерін қолданудың маңызы зор. Нейролингвистикалық бағдарламалау ертегілерді тілдік, танымдық және тәрбиелік мақсатта оқытуды көздейді. Ертегі баланы әңгімені тыңдау, түсіну, баяндау қабілеттерін дамытып қана қоймайды, баланың ішкі әлемінің қыр-сырын ашуға, психологиялық ахуалын түсінуге мүмкіндік береді. НЛБ ойды дамытуға, басқа арнаға бағыттауға, баланың жеке тұлғалық моделін құруға негіз болады, адамның ішкі сезімін, жүрек қалауын, түйген тұжырымдарын айқындауға көмектеседі.

Философтар ойлау категориясын бірнеше түрге жіктейді: көрнекі-әрекеттік (мысалы, құрастыру, затты бөлшектеу), көрнекі-бейнелі ойлау, дерексіз-логикалық (сөздік-логикалық). Сол сияқты «аутистік ойлау» адамның өз ішкі ниеттерін, қалауларын жүзеге асыруымен, қиялдауымен байланысты. «Ырықсыз ойлау» – санадағы бейнелердің адамның еркінен тыс автоматты түрде трансформациялануы (түс көру). Ең ғажабы – ертегілер осы аталған барлық ойлау түрлерін дамытуға әсер етеді екен. Біз бұған төмендегі НЛБ әдістерін талдау барысында көз жеткізе аламыз.

Балалардың ертегі шығармашылығын талдауда проективті әдістерді қолданудың тиімді екенін атап өткіміз келеді. Аталмыш әдіс баланың жауап беру, таңдау жасау немесе басқа да мінез-құлық тактикасын өздігінен басқаруына ықпал етеді, мінез-құлықты нормативтер мен ережелерге сай емес, адамның өзіндік мотивтер жүйесі мен құндылықтарына сай ынталандырады. Сол сияқты ертегіні баяндау кезінде балалардың реакциясын «бақылау әдісі» жиі қолданылады. Ол үшін баланы ертегі әлеміне енгізіп, жеңіл трансқа ұқсас күйге түсіру қажет. Бұған ертегіні оқушының (ата-ана, тәрбиеші, мұғалім) дауыс ырғағы, бірнеше рет қайталауы, ән айту және сөйлеу мәнері, шарықтау шегі мен соңында фонациялық, кинематикалық (дауыс ырғағы, қимыл қозғалысы) әдістерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Ертегіні баяндап отырған баланың отырысын, қалпын, қозғалыстарын, бет-әлпетіндегі өзгерістерді зерттеу арқылы оның ертегі кейіпкерлерінің әрекеттеріне қалай қарайтынын, алған әсерлерін, алаңдаушылықтары мен қуанышын байқаймыз. Сонымен қатар, іштей сөйлеуімен қатар, вербалды сөйлеу дағдысының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Ертегі тыңдап отырған кезде балалардың ауыздары жыбырлап, ертегіні іштей гүбірлеп қатарласа айтып отырғанын жиі байқауға болады.

Сценарий теориясына сәйкес, балаға әсер етудің негізгі факторы – фольклорлық шығармалардың сюжеттері. Мысалы, ертегі сюжеттері ата-анасының қалауына (таңдауы) сәйкес алынғанымен, бала кейіннен өзінің сценарийін құрастырып, оны өмір бойы

бейсаналық түрде қолдануы мүмкін, сол арқылы өзінің жеке дамуын өмірлік ұстанымдары мен дағдыларын алдын-ала анықтайды [10, 26-б.]. Бұл әдіс баланың «аутистік ойлау қабілетін» дамытып, қиялдауға, армандауға үйретеді, олар өз кезегінде ішкі ниеттерінің айқындалып, үлкен мақсаттарға айналуына ықпал етеді.

НЛБ әдістерінің тағы бірі – *якерлеу (бекіту)*. Бұл әдіс, адамның эмоционалды жағдайы ойлауы мен мінез-құлқына терең және күшті әсер етеді. Ол сыртқы стимул (дыбыс, қимыл, иіс) мен белгілі бір эмоционалды күйлер арасында тұрақты байланыс қалыптастырады. Ол ассоциациялау механизміне негізделеді. Яғни, қайталанатын эмоциялар мен ассоциациялар арқылы «зәкір» қалыптасады. Мысалы, бала күнделікті тыңдап жүрген бесік жырын естігенде немесе бесікке тербеткенде ұйқысы келеді.

Келесі бір әдіс – рефрейминг. Рефрейминг – бұл жағымсыз жағдайларды, өмірлік сәтсіздіктер мен қиындықтарды басқа қырынан қарап, қайта бағалау, оның мағынасын жағымды жаққа өзгерту арқылы психологиялық тұрғыдан қайта құру әдісі (ағылш. *frame* – «жақтау», «рамка» сөзінен). Бұл оқиғаның өзін емес, оған деген көзқарасты өзгертіп, жаңа мүмкіндіктер мен шешімдер табуға көмектеседі. Рейфрейминг әдісі «контекстік» және «мағыналық» болып бөлінеді. Контекстік рефрейминг оқиғаның жағымсыз жағын алып тастап, оны жағымды жағдайға (контексте) қалай өзгертуге болатын қарастырса, мағыналық рефрейминг жағдаятқа жаңа мағына беру. Мысалы, жұмыссыз қалғанда «мен жұмыстан айырылдым» деп емес, «менің қызметте жаңа деңгейге көтерілуіме мүмкіндік туды» деп қабылдау. Бұл әдістерді ертегі желісі ұнамаған немесе соңы қайғылы аяқталған жағдайда қолдануға болады. Оны балаларға ертегінің соңын өз қалауынша аяқтауға, жақсы жаққа өзгертуге, ертегідегі оқиғаны басқаша бағалауға бағытталған жағдаяттық тапсырмалар мен тәжірибелер арқылы жүзеге асыруға болады. Сол арқылы бейнелі ойлау, көрнекі ойлау, аутистік ойлау қабілеттерін дамытумен қатар, психологиялық тұрғыдан жағдаятты өзгертуге, жаңа шешімдер қабылдауға үйретеміз.

Осы орайда әр ұлттың балаларының өзінің тыңдап өскен ертегілеріне сәйкес өзіндік «визуалды якерлері» болатыны заңды құбылыс. Қазақ балалары үшін «жалмауыз кемпір» жағымсыз ассоциациялар тудырса, «Мақта қыз» – еңбекқорлық, «Керқұла атты Кендебай – батылдықтың, «Күнекей қыз» – сұлулықтың символы болып саналады. Сондықтан баланың жас ерекшеліктеріне байланысты ертегілерді ауызша баяндау, сурет арқылы визуалды түсіндіру немесе баланың өзіне оқыту, «сенарийлерді» өз бетінше өзгертуге машықтандыру баланың миындағы нейрондардың қызметінің белсенділігін аттырады, ассоциативтік байланыстарды нығайтады, есте сақтау қабілетін жақсартады. Сондықтан ертегіні НЛБ әдістері арқылы оқыту баланың ақпаратты қабылдау, визуализациялау, есте сақтау, бағалау сияқты когнитивтік қабілеттермен қатар, коммуникативтік дағдыларының дамуына, ұлттық стереотиптер мен тілдік санасының қалыптасуына ықпал етеді.

Нейролингвист Т. Черниговская: «Бізге ми сияқты кемел қасиет бұйырған екен, оны кәдемізге жаратуды үйренелік. «Ханзада мен қайыршы» деген ертегі естеріңізде болар. Ол екеуі бірдей еді. Кездейсоқ орындарын ауыстырып алады. Ханзаданың орнын басқан қайыршының қолына оның мөрі түседі. Мөрдің не екенін білмеген ол онымен жаңғақ шағады. Әрине, мөр ауыр, онымен жаңғақ шағу ыңғайлы да болған шығар, бірақ мөр не үшін қажет? Айтайын дегенім: «ми – күрделі, көпқырлы жүйе, ол түрлі әрекеттерге машықтануға арналған. Миды нашар кітап оқуға, ақымақтармен сөйлесуге, өмірді текке өткізуге жұмсауға болмайды. Ми өте қуатты, әбден қартайғанша білім алуға қызмет етеді» - деп тұжырымдайды [11, 5-б.]. Яғни, ертегілер арқылы баланы ерте кезден бастап ойлануға, талдауға, қиялдауға үйретуге және сол қиялындағы арман-мақсаттарға жетуге жетелеуіміз қажет.

Тілді қабылдау және тудыру процесі нейрондардың үлкен тобының белсенді бірлескен әрекетімен сипатталады. Бұл нейрондық белсенділік нейрондардың және олардың дендриттер мен аксондар сияқты құрамдас бөліктерінің электрлік потенциалдарының толқын

тәрізді тербелістері арқылы жүзеге асады. Белгілі бір ертегі сюжетінің әсерінен баланың сценарийіне бір мезетте бірден бірнеше болжамды факторлардың әсер етуі мүмкін: сюжет сценарийі; ата-аналардың ертегі желісін түсіндіруі (түсіндірмелер, интонация); авторлық стиль (жазушы қойған екпін, интонация, қайталамалар); субсценарийлер. Психолог ғалымдар мұндай кешенді әсер ету процесінің синергетикалық қуаты бар екенін ерекше атап өтеді.

НЛБ-дағы *модельдеу әдісі* баланы стратегиялар құруға, модельдерді өзгертуге үйретеді. Аталмыш әдісті ертегі кейіпкерлерін модельдеуге арналған тапсырмалар жүйесін орындату барысында қолданса болады. Мысалы, «Қар ханшайымының» моделі суықтықты, қаталдықты білдіреді, оны бейнелеуде ресми, сұр түстер басым болып келеді. Сол сияқты «құбыжық, жалмауыз кемпір, айдаһар» сынды кейіпкерлерді немесе «Таусоғар», «Керқұла атты Кендебай» ертегілерін визуал балалар көз алдыларына жақсы елестетіп, қауіп-қатерді бағалайды және көргеніне сүйене отырып кейіпкерді, жағдаятты бағалауға, шешім қабылдауға үйренеді. Ал аудиал балалар су перісін, оның дауысын, түрлі дыбыстарды елестеді, мұндай қабілеттер балалардың әлеммен, ортамен, табиғатпен қарым-қатынас құруына ықпал етеді.

Фреймдер мен метабағдарламалар да НЛБ-да жиі қолданылатын әдістер. Олар ертегі кейіпкерлерін сипаттауда тілдік үлгілер мен фреймдер, метафоралар тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, теңеулер бала санасында жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің сұлбасын қалыптастырып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге үйретеді. НЛБ ертегілерде жиі кездесетін архетиптерді (батыр, көлеңке, ақылшы, дос) танып, білуге мүмкіндік береді.

Ертегі кейіпкерлерін білім мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануға болады. «Егер де мен...» стратегиясын қолдана отырып, кейіпкерлердің орнына өздерін қойып «Егер де мен «Алтын балық болсам ...» немесе «Таусоғар болсам»...- деп, ертегінің соңын өз еркінше аяқтау баланы қиял әлеміне самғатып, ойлануына мүмкіндік береді, шығармашылыққа жетелейді. Көптеген ата-аналар өздерінің балалық шағынан немесе таныстарының өмірінен алынған оқиғалар балаға қарапайым кеңестер мен нұсқаулардан гөрі жақсырақ әсер ететінін байқайды. Алайда, бұл әдісті саналы және мақсатты түрде қолданатындар аз.

Ертегі сюжетінде кез-келген адам бастан кешіретін негізгі қиындықтар мен өмірлік жағдайлардың көпшілігі шифрланған (жасырынған). Көбінесе біз өз проблемамызды жасырамыз және жағдайды басқа жағынан түсінуге дайын емеспіз. Ертегі өзінің ғасырлық даналығының арқасында адамның бейсаналы ойларына терең еніп, проблемалық жағдайдан өз жолын табуға көмектеседі. Жоғарыда айтылғандардан бөлек ертегі балалар үшін «ересек» өмірге қадам басуында кейде отбасылық, қоғамдық қатынастар құруда моральдық заңдылықтар ережесі немесе әдеп пен адамгершілік қағидаттарын қалыптастырушы нұсқаулық десе де болады. Эрик Берннің шығармаларында ертегілердің психологиялық қырлары толық ашылған. Ғалым өз еңбектерінде барлық белгілі фольклорлық шығармалардың терең архаикалық негізі бар деп тұжырымдайды және ойын мысалдар арқылы дәлелдейді. «Қызыл телпек» және «Золушка» ертегілерінің мысалында Э. Берн баланың болашақ сценарийін қалыптастырудағы ата-аналық «нұсқаулар» мен «рұқсаттардың» маңыздылығын егжей-тегжейлі талдайды. Дәл осындай төл ертегілеріміз «Күн астындағы күнекей қыз», «Ертөстік», Алтын құс», «Ағаш ат» балалардың бойында ұлттық код, қазақы тәрбие қалыптастыруда маңызды рөл атқарып қана қоймай, олардың психологиялық мінез-құлықтарының, ерік-жігер, сенімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді.

3. Фрейдтің пікірінше, тұрақты бейсаналық реакциялар кешені адамның бүкіл кейінгі өмірінде ұстанатын бағыттарды анықтап, шектеулерді белгілейді және оның жеке басының дамуына әсер етеді. С. Жансейітованың пікірінше, «Ертегі тыңдап өскен баланың ойы, қиялы кең болады. Белгілі оқиғаны суреттеуде, баяндауда ойын анық жеткізе алады... Алғаш ертегі

айтыла бастағанда-ақ тыңдаушы мен автор арасында имагинативті (бейнелік) медитация басталады [12, 37-б.].

Ғалымдар қазіргі таңда балаларға арналған контенттер мен әдебиеттердің баланың коммуникативтік қабілеттерінің негізі ғана болып қоймай, психологиялық, когнитивтік қасиеттері мен әлеуметтік ортамен дұрыс қарым-қатынас құруына, рухани дамуына зор ықпал ететінін атап көрсетеді [13, 66-б.]. Психологтар мидың нейропластикалық (өзгеруге бейім) қасиеті бар екенін және баланың тілін, адами көзқарастарын қалыптастыру процесі және оның шаблондар бойынша әрекет етуге деген ұмтылысы сәби кезеңнен, яғни сана-сезімі қалыптаса бастаған мезеттен басталатынын қадап айтады. Осы орайда бала қай тілде сөйлеп, қай елдің аңыз-ертегілерін, мультфильмдерін, комикстерін тамашалайтын болса, оның сана-сезімі, еліктейтін кейіпкерлері де соған қарай өзгеріп отырады. Бұл өз кезегінде баланың тілдік санасына, ұлттық болмысына әсер етеді. Өкінішке орай, қазір шетелдік ертегілер мен мультфильмдерді көруге бейім қазақ балалары өзіміздің ұлттық кейіпкерлерімізге қарағанда «Бетмэн, Алиса, Кеми, Комо» сияқты шетелдік кейіпкерлерді жақсы біледі, жақсы көреді. Осы олқылықтардың орнын толтырып, баланың генетикалық коды мен тілдік иммунитетін сақтау үшін, қазақ тілді контенттер мен ертегілерді көбірек насихаттап, қазақ тіліндегі аңыз-әңгімелерге деген қызығушылықтарын оятып, оны оқытудың заманауи әдістерін қарастыру қажет.

### **Қорытынды**

Сонымен, НЛБ әдістерін баланың, эмоционалдық жағдайына, тәлім-тәрбиесіне және танымына әсер ететін, бастапқы өмірлік сценарийін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын психологиялық және лингвистикалық әдістер кешені ретінде қарастырсақ болады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде ертегінің нейролингвистикалық бағдарлау қасиеті бар екенін және аңыз әңгімелерді баланың санасына сіңіру арқылы олардың «туа біткен тілдік қабілеттерін» дамытуға, балалардың миының қызметіне нейрондық деңгейде әсер етуге, өзгертуге болатынына көз жеткіздік. Сонымен қатар НЛБ әдістері арқылы генетикалық кодты жаңғыртып, кейбір бұрыс дағдыларды түзетіп, стереотиптерді өзгертуге болатынын айқындадық. Ертегіні оқу, айту, есту арқылы баланың миындағы жаңа нейрондық құрылымдары жаңа желілерді, жаңа тапсырмаларды шешуге бейімделген «блок-схемаларды» жасауға болады.

Нейролог ғалымдар нейрондардың икемділігі мен өзгермелілігіне байланысты «бірігетін және ұйымдасатын нейрондар» - деген тіркестерді жиі қолданады. Ми қарапайым оймен, қиялмен, визуализациямен мидағы нейрондардың құрылымы мен қызметін өзгерте алады. Ми санадағы ойлардың күшімен өзгеруі мүмкін, яғни ақыл миға әсер ете алады. Бұл ертегілердің сыр-сандық сияқты адамның өткені мен бүгінгі өмірін байланыстыруға және алдағы өмірлік сценарийлерінің мәні мен мазмұнын айқындауға да әсер етуге қауқарлы екенін көрсетеді.

Қорыта келгенде, ертегі үлкен білімдік тәжірибе, әдептілік әліппесі ғана емес, сонымен бірге баланың ересек өмірге еркін бейімделіп, отбасын құру, мамандық таңдауда дұрыс өз бетінше шешім қабылдауына, жеке көзқарастарының қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Ертегіні оқытуда НЛБ әдістерін (визуализация, якерлеу, модельдеу, сөйлеу стратегиялары, т.б.) қолдану баланың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыруда және эмоционалдық тұрақтылық, өзін-өзі басқару, гендерлік рөлді анықтау сияқты психологиялық, когнитивтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Фрейд З. Жуткое // В кн.: Художник и фантазирование. – М.: Республика, 1995. – С. 265-281.
2. Барласұлы Т. Сөз атасы – ертегі, Құраннан сыр шертеді // Қазақ әдебиеті. – 2000. – №39. – Б. 22-29.
3. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6 т.: Т.2. – М.: Педагогика, 1982. – 504 с.

4. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – 3-е изд. - СПб.: Лань, 2003. – 287 с.
5. Хомский Н. Язык и мышление / Пер. с англ. Б.Ю. Городецкого. – М.: Изд. МГУ, 1972. – 230 с.
6. Карманова М.В. Психологолингвистический аспект суггестивного воздействия сказок на сценарий жизни ребенка // Образование и наука. – 2015. – №6. <https://doi.org/10.17748/2075-9908-2015-7-6/1-304-308>. 8.
7. Седов К.Ф. Речевой онтогенез как объект изучения // Возрастное коммуникативное поведение. Сборник научных трудов. – Воронеж: Истоки, 2003. – 252 с.
8. Абраменкова В.В. Социальная психология детства: развитие отношений ребенка в детской субкультуре. – Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2000. – 416 с.
9. Hagoort P., Özyürek A. Extending the Architecture of Language from a Multimodal Perspective // Topics in Cognitive Science. – 2025. – Т. 17, №4. – С. 877-887. <https://doi.org/10.1111/tops.12728>
10. Елина А.Н. Психолингвистическое моделирование концептов персонажей народных сказок: автореф. ... канд. филол. наук. – Кемерово, 2013. – 25 с.
11. Черниговская Т. Как научить мозг учиться. – М.: Издательство Лекторий «Прямая Речь», 2015. – 192 с.
12. Жансейітова С., Сүлеева Г., Мәшімбаева А. Қазақ ертегілерінің психолингвистикалық сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №3 (155). – Б. 36-40.
13. Жумағұлова А., Рамазан А. Балаларға арналған медиаөнімдер және тілдік орта // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №4(134). – Б. 62-73. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.105>

#### REFERENCES

1. Freid Z. Zhutkoe // V kn.: Hudozhnik i fantazirovanie [Creepy // In: The Artist and Fantasy]. – М.: Respublika, 1995. – S. 265-281. [in Russian]
2. Barlasuly T. Soz atasy – ertegi, Qurannan syr shertedi [The ancestor of the word is a fairy tale that tells from the Koran] // Qazaq adebieti. – 2000. – №39. – B. 22-29. [in Kazakh]
3. Vygotski L.S. Sobranie sochineni v 6 t.: T.2 [Collected works in 6 volumes: Vol. 2]. – М.: Pedagogika, 1982. – 504 s. [in Russian]
4. Leontiev A.A. Osnovy psiholingvistiki [Fundamentals of psycholinguistics]. – 3-e izd. – SPb.: Lan, 2003. – 287 s. [in Russian]
5. Homski N. Iazyk i myshlenie [Language and thinking] / Per. s angl. B.Iu. Gorodeckogo. – М.: Izd. MGU, 1972. – 230 s. [in Russian]
6. Karmanova M.V. Psihologolingvisticheski aspekt suggestivnogo vozdeistvia skazok na scenari zhizni rebenka [The psycholinguistic aspect of the suggestive effect of fairy tales on a child's life scenario] // Obrazovanie i nauka. – 2015. – №6. <https://doi.org/10.17748/2075-9908-2015-7-6/1-304-308>. 8. [in Russian]
7. Sedov K.F. Rechevoi ontogenez kak obiekt izuchenia [Speech ontogenesis as an object of study] // Vozrastnoe kommunikativnoe povedenie. Sbornik nauchnyh trudov. – Voronezh: Istoki, 2003. – 252 s. [in Russian]
8. Abramenkova V.V. Socialnaia psihologia detstva: razvitie otnosheni rebenka v detskoj subkulture [Social psychology of childhood: the development of a child's relationships in a child's subculture]. – Voronezh: Izdatelstvo NPO «MODEK», 2000. – 416 s. [in Russian]
9. Hagoort P., Özyürek A. Extending the Architecture of Language from a Multimodal Perspective // Topics in Cognitive Science. – 2025. – Т. 17, №4. – S. 877-887. <https://doi.org/10.1111/tops.12728>
10. Elina A.N. Psiholingvisticheskoe modelirovanie konceptov personazhei narodnyh skazok: avtoref. ... kand. filol. nauk [Psycholinguistic modeling of concepts of characters of folk tales: abstract]. – Kemerova, 2013. – 25 s. [in Russian]
11. Chernigovskaia T. Kak nauchit mozg uchitsia [How to teach the brain to learn]. – М.: Izdatelstvo Lektoria «Priamaia Rech», 2015. – 192 s. [in Russian]
12. Zhanseyitova S., Suleeva G., Mashimbaeva A. Qazaq ertegilerinin psiholingvistikalıyq sipaty [Psycholinguistic character of Kazakh fairy tales] // QazUU habarshysy. Filologia seriasy. – 2015. – №3 (155). – B. 36-40. [in Kazakh]

13. Zhumagulova A., Ramazan A. Balalarga arnalgan mediaonimder zhane tildik orta [Media products and language environment for children] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №4(134). – B. 62-73. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.105> [in Kazakh]

### The Neuro-Linguistic Programmatic Nature of the Language of Fairy Tales

**Abstract.** The article examines the neurolinguistic programmatic nature of fairy tales. During the research, the impact of fairy tales on the processes of information perception, processing, and storage in the human brain is considered, as well as the mechanisms of thinking and understanding through linguistic structures and cognitive models. Fairy tales are studied as a cultural-linguistic phenomenon at the intersection of neurolinguistics, psycholinguistics, and ethnolinguistics. Within the framework of the research, the neurophysiological foundations of the perception and understanding of fairy tales are analyzed, and a comprehensive analysis is conducted of the role of fairy tales in supporting cognitive development, guiding the thinking process, and forming linguistic functions. The genre of fairy tales is examined from a neurolinguistic and cognitive perspective as a tool for shaping thought and cognition, and regulating emotions. This highlights the relevance and importance of the article. As a result of the research, the significance of fairy tales in shaping human thinking, perception, and linguistic orientation abilities is clarified, and their NLB nature is studied. As a result of the practical analysis, theoretical conclusions within this topic are systematized, and the practical importance of the research is determined. The research employs neurolinguistic methods, comparative methods, introspection methods, questionnaire methods, and free associative experiment methods. The results and materials of the research can be used as scientific-methodological material in teaching classes on neurolinguistics, psycholinguistics, children's literature, etc., in writing scientific-research works, and in teaching fairy tales in general education schools and preschool educational institutions. This underscores the theoretical and practical importance of the research.

**Keywords:** fairy tale, neuro-linguistic programming, method, plot, script, modeling.

### Нейролингвистический программный характер языка сказок

**Аннотация.** Статья исследует нейролингвистическую природу сказок. В исследовании анализируется влияние сказок на процессы восприятия, обработки и хранения информации в человеческом мозге, а также механизмы мышления и понимания через языковые структуры и когнитивные модели. Сказки как культурно-языковое явление рассматриваются на пересечении таких наук как нейролингвистика, психоллингвистика и этнолингвистика. В рамках исследования были проанализированы нейрофизиологические основы восприятия и понимания сказок, а также проведено комплексное исследование их роли в поддержке когнитивного развития, управлении мыслительными процессами и формировании языковых функций. Научное значение исследования заключается в дифференцированном подходе к жанру сказки как инструменту формирования мышления и познания, а также когнитивному и психоллингвистическому средству эмоциональной регуляции. Результаты исследования показывают, что сказки являются не только средством отражения народного опыта, но и важным инструментом формирования человеческих способностей, связанных с мышлением, восприятием и языковой ориентацией. Были также выявлены эффективные способы применения методов нейролингвистического программирования в обучении. На основе практического анализа были систематизированы научные и теоретические выводы, определено практическое значение исследования. В исследовании применялись нейролингвистические, сравнительные и интроспективные методы, а также анкеты и свободные ассоциативные эксперименты. Исследование имеет как теоретическое, так и практическое значение. Его материалы могут быть использованы в курсах обучения нейролингвистике, психоллингвистике, литературе для детей и смежным дисциплинам, при написании научных исследований и как научно-методический материал для преподавания сказок в средних школах и дошкольных образовательных учреждениях.

**Ключевые слова:** сказка, нейролингвистическое программирование, метод, сюжет, сценарий, моделирование.

**Авторлар туралы мәлімет**

**Сембаева А.Ғ.** – корреспондент-автор, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры м.а., e-mail: [assotion@mail.ru](mailto:assotion@mail.ru), Қазақстан, Алматы қ.

**Кегенбай М.** – оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, e-mail: [mira.kegenbay@mail.ru](mailto:mira.kegenbay@mail.ru), Қазақстан, Алматы қ.

**Information about the authors**

**Sembayeva A.G.** – The Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Acting Professor of Kazakh National Women's Teacher Training University, e-mail: [assotion@mail.ru](mailto:assotion@mail.ru), Kazakhstan, Almaty.

**Kegenbay M.** – Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, e-mail: [mira.kegenbay@mail.ru](mailto:mira.kegenbay@mail.ru), Kazakhstan, Almaty.

**Сведения об авторах**

**Сембаева А.Г.** – автор-корреспондент, кандидат филологических наук, и.о. профессора Казахского национального женского педагогического университета, e-mail: [assotion@mail.ru](mailto:assotion@mail.ru), Казахстан, г. Алматы.

**Кегенбай М.** – преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, e-mail: [mira.kegenbay@mail.ru](mailto:mira.kegenbay@mail.ru), Казахстан, г. Алматы.